# Біздің президент - ұлт көсемі!



**Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев (6 шілде 1940 жыл, Шамалған ауылы, Алматы облысы) — Қазақстанның мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.**

**Нұрсұлтан Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында дүниеге келді. Оған әке-шешесі Нұрсұлтан деп ат қойды. Сәбиге ат таңдаудың өзі жатқан бір хикаяға айналды. Тойға жиналған ағайын-туыс түрлі есімдерді тұс-тұстан айтып жатты. Ең ақырында жаңа туған ұлдың әжесі Мырзабала мынадай ұсыныс білдірді: «Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсын».**

**Әкесі – Әбіш 1903 жылы Алатаудың бөктерінде, Назарбай бидің шаңырағында өмірге келді.Әбіш Назарбаев көңілді, қадірлі адам болды. Ол тек қазақ тілінде ғана емес, орыс және балқар тілдерінде де еркін сөйлейтін. Әбіш қазақ және орыс әндерін беріліп айтатын, әңгімелескен адамын зейін қойып тыңдап, пайдалы кеңес бере білетін. Әбіш Назарбаев 1971 жылы қайтыс болды.**

**Анасы Әлжан 1910 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық аулындағы молданың отбасында дүниеге келді.Үшқоңырға жер аударылған әкесімен бірге келген Әлжан Әбішпен танысады. Ауыл арасында ән салу мен суырыпсалмалық өнерден оның алдына түсетін ешкім жоқ еді. Жарқын жүзді Әлжан ұлын үлкенді құрметтеуге, сыйлауға баулыды, оның ұлттық дәстүрлерге, ән-жырларға, салт-ғұрыптарға құштарлығын оятты. Әлжан Назарбаева 1977 жылы қайтыс болды.**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы




## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

*Сөзін жазғандар:*
*Жұмекен Нәжімеденов,*
*Нұрсұлтан Назарбаев*
*Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов*

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

*Өз Отанының патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату*
*Н. Назарбаев*

*Быть патриотом своей Родины – это носить Казахстан в своем сердце*
*Н. Назарбаев*

Еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушылығына дейінгі жолдан өтті.
1960—69 жж. — Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.
1969—73 жж. — Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.
1973—77 жж. — Қарметкомбинаттың партком хатшысы.
1977—79 жж. — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-ші хатшысы. 1979—84 жж. — Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.
1984—89 жж. — Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.
1989—91 жж. — Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 ж. ақпан—сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды.
1990 ж. сәуірінен — Қазақ КСР президенті. 1991 ж. желтоқсанның 1-інде тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 %) жеңіске жетті.

**Назарбаевтың бастамасымен ашылған оқу орындар**

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті
Қазақстан менеджмент институты Экономика және болжау институты
Қожа Ахмет Йассауи атындағы Қазақ-түрік университеті
Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті
Ұлттық Мемлекеттік заң университеті
Назарбаев Университеті

Назарбаев Зияткерлік Мектебі бірқатар лицейлер мен колледждер Президенттік «Болашақ» бағдарламасы іске асуда, ол бойынша жастар дүние жүзінің ірі оқу орындарында білім алып жатыр. Аса талантты балалар үшін президенттік «Дарын» сыйлығы тағайындалған.


Қазақстан
Республикасы
Тәуелсіздігінің
25
жылдығына


ҚАЗАҚСТАН
KAZSPORT
Rio2016
Жеңіс құтты болсын!

Мемлекетіміздің өз Ата заңы бар. 1993 жылы 28 қаңтарда ҚР тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа конститутциясы қабылданды. Адамның өмірін, денсаулығын, тыныштығын мемлекетіміздің Ата заңы қорғайды.


ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ
Қазақстан
Республикасының
КОНСТИТУЦИЯСЫ
КҮНІ
30
ТАМЫЗ
АВГУСТА
ДЕНЬ
КОНСТИТУЦИИ
Республики
Казахстан

Біз Қазақ елінің болашақ ұрпақтары

**Б**- *білімімді арнайтын*
**О**- *отанымды қорғайтын*
**Л**- *лаңкестікті даттайтын*
**А**- *адалдықты жақтайтын*
**Ш**- *шуағымды шашатын*
**А**- *асулардан асатын*
**Ғ**- *ғарыш сырын меңгерген*
**Ы**- *ынтымақты тең көрген*
**М**- *менмендікті жек көрген*

**Қ**- *қазаққа қызмет ететін*
**А**- *арманына жететін*
**З**- *заңды жақсы білетін*
**А**- *алға қарай жүретін*
**Қ**- *қайырымды елімнің*
**С**- *салтанатты жерімнің*
**Т**- *толықтырам сенімін*
**А**- *абыройын, жігерін*
**Н**- *намысын қолдан бермейтін!*

Белгілі ақын атамыз Т. Молдағалиев:
Өткеніңді еске алсаң,
Өскеніңнің белгісі.
Өткеніңді ұмытсаң,
Өшкеніңнің белгісі, — деген екен. Сондықтан, халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат. Сондай-ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері: Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Ата заңымыз,Әнұранымызды бойындағы бойтұмарындай сақтап қана қоймай, қашанда еліміздің, жеріміздің еркіндігін сақтар мықты ұрпақ, мықты азамат болатындарыңа сенімім мол.


